

**«8D03102-Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Маткерим Dana Адильханқызының «Қазақстандық кинодағы этникалық және мәдени бірегейлікті құрастыру: мәдениеттанулық
талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың мынадай басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <p>«Ғылыми негіздер «Мәңгілік ел» (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер).</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылы бекіткен ұлттық жобалар тізбесіндегі «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы шенберінде жүргізілді.</p>

2.	Фылым үшін маңыздылығы	Жұмыс фылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысы кино және жалпы кино үдерісі аясында бірегейліктің қалыптасу мәшелесін зерттеу тәсілдерін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан пысықтау, сондай-ақ қазак және әлемдік киноны талдау аспектісінде олардың бірегейлікті құрудары әлеуметтік құрылым ретінде зерттелуі арқылы фылымға елеулі үлес қосады.</p> <p>Диссертацияда қарқынды түрде зерттелуіне байланысты дискуссиялық сипатқа ие болған бірегейлік мәшелесі жанжақты пысықтау, зерттелгені көрініп тұр. Бұл орайда бірегейлік мәшелесін кинематография тұрғысынан зерттеліп, түсінілуі қазіргі Қазақстандағы гуманитариялық фылымдарына қосқан елеулі үлесі болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Фылыми-зерттеу жұмысының өз бетімен орындалу деңгейі жоғары. Бұған келесі көрсеткіштер дәлел:</p> <p>а) автор бірегейлік мәшелесін зерттеуде әдіснамалық координаталар дәлдігін айқындаумен оның кинодағы әлеуметтік құрылыш ретінде қарастыру аспектісінде аясында өзінің көзқарасын ұсынады.</p> <p>б) зерттеуде қойылған міндеттерге сәйкес қазақ және әлем киносы бойынша ауқымды эмпирикалық материал жүйеленіп пайдаланған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemе жасалған.</p> <p>Маткерим Dana Адильханқызының «Қазақстандық кинодағы этникалық және мәдени бірегейлікті құрастыру: мәдениеттанулық талдау» атты диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды және бірегейлік мәшелесі қазіргі қоғамдық-гуманитарлық фылымда үлкен қызығушылық тудары білген мәселе екендігі айқындалды. Галамдық үдерістер мен жаңа өркениеттің бағдарлары халықтардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне трансформация енгізіп, бірегейлік өлшемшарттарының өзгеруіне әсер етті. Американдық</p>

		<p>ғалым Ф. Джеймиссон атап өткендей, бүгін әлем өзгермелі бірегейлікті көре алады.</p> <p>Мәдени ұлт құрудың теориялық та, бағдарламалық басымдығы тұрғысынан да бірегейлік мәселелері біздің қоғамдық санамыздың дүниетанымдық негіздерін қалыптастыруда өзекті болып қалады. Этникалық және мәдени бірегейлік мәселесіне деген мәдениеттанулық тәсіл қазақ киносының міндеттері, kino тілінің көркемдік, эстетикалық, концептуалды деңгейі туралы ашық сұрақтар қоюға мүмкіндік береді.</p>
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды:	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны қамтылған тақырып пен жұмыста ұсынылған негізгі ережелерді тиісті деңгейде ашып көрсетіп тұр. Диссертациялық жұмыста қойылған мәселе мен бөлімдер, тараушаларда көрініс тапқан сұрақтар мен олардың мазмұны зерттеу мақсаттарына сәйкес және диссертация тақырыбын ашуға ықпал етеді.</p>
	1) айқындаиды;	
	2) ішінша айқындаиды;	
	3) айқындаамайды.	<p>«Этникалық, ұлттық және мәдени бірегейлікті зерттеудегі философиялық және тұжырымдамалық тәсілдер» бірінші бөлім үш тараушадан тұрады, ғылыми зерттеулердің тәжірибесіне сәйкес философиялық және мәдени дискурс саласындағы концептуалды мазмұнмен толықтырылып, бірегейлік мәселесін зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздерін талдауға арналған.</p> <p>«Кинодағы этникалық, ұлттық және мәдени бірегейліктің бейнесі» екінші бөлімде этникалық, ұлттық және мәдени бірегейлік мәселелері дискурсы контекстіндегі өнер салаларының бірегейлік бейнесін құрудағы рөлі, транзиттік қоғамдардағы этникалық және мәдени бірегейлендіру факторы ретінде әлемдік кино өнері арқылы тарихи жадының қайта жаңғыруы, кино қаһарманының бейнесі уақыттың белгісі ретінде: кинематография арқылы кеңестік бірегейліктен ұлттық бірегейлікке көшудің көрініс туралы мәселелер қозгалады.</p>

		<p>«Ұлттық тарих пен қазақстандық кинематографиядағы этникалық және мәдени бірегейліктің kino тіліндегі ізденістері» үшінші бөлімде қазақстандық kinoның негізгі кезеңдері және оның этникалық пен мәдени бірегейлік бейнесін құрудағы рөлі, казақ kinoсы - ұлт айнасы ретінде: фильмдердегі этникалық және мәдени бірегейліктерді жасаудың негізгі әдістері және қазақстандық пен шетелдік кинематографиясында этникалық және мәдени бірегейліктің қалыптасуына салыстырмалы талдау жасалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері жұмыстың тақырыбын толық ашады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Қойылған мақсат пен міндеттер диссертацияның тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты - kinoның бірегейлікті көрсетудегі тиімді құрал ретінде қызметі арқылы қазақстандық kino өнерінің мәдени және этникалық бірегейлік келбетін құрудағы басты ерекшеліктерін саралауға қол жеткізілді.</p> <p>Барлық қойылған 9 міндет тиісінше диссертацияның әр бөлімі мен тараушаларында және жүргізілген талдау, қорытынды түрінде жеткілікті сенімді негіздемелермен дәлелденді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p>	<p>Бірінші бөлім зерттеудің пәндік саласының ерекшеліктерінің теориялық және әдіснамалық негіздеу, мәдени және этникалық бірегейліктің негізгі мәселелерін нақтылау сипатына ие.</p> <p>Екінші бөлімде зерттеудің бірінші бөлімінде анықталған бірегейлік мәселесін түсінудің теориялық, әдіснамалық және концептуалды бейіні негізінде кинодағы этникалық,</p>

		<p>3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сынни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінara жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>ұлттық және мәдени бірегейліктің бейнесі зерттеу пәнінің өзіне тән ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Ушінші бөлімде ұлттық тарих пен қазақстандық кинематографиядағы этникалық және мәдени бірегейліктің kino тіліндегі ізденістері аспектісінің аясында тақырып ашылады.</p> <p>Диссертант жалпы мәдениет пен kino үдерісінде бірегейлік мәселесінің зерттелу деңгейіне мұқият шолу жасаған. Автор бұл мәселе жалпытеориялық аспектілер аясында әлеуметтік ғылымдарда немесе өнертану ғылымдарында басқа мәселелер түрғысынан зерттелді деп пайымдайды.</p> <p>Қазақстандық kino үдерісіндегі этникалық және мәдени бірегейліктің қалптасу мәселесін зерттеуге деген мәдениеттанулық көзқарас өзіндік концептуалді көзқарасты талап етеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінara жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылатын қағидалар осы өлшемшарттың ең жоғары көрсеткішінде ішінara жаңа, яғни зерттелетін объектіге, талданатын материалға теориялық және әдіснамамалық көзқараста, kino үдерісіндегі бірегейлік мәселесін мәдениеттанулық тұрғыда негіздеуге шоғырланған 75%-га жаңа деп сеніммен айтуға болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма?</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдамалар жартылай жаңа және негізделген, жоғарыда көрсетілгендей</p>

		<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>жаңалығы 75%-ға жетеді. Жаңа тұжырымдарға мынадай қорытындыларды жатқызуға болады: (тармақтар 1, 4, 5, 7, 9) 2, 3, 6, 8 тармақтар рецензент үшін жартылай жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, басқарушылық шешімдер ішінара жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындылар ғылыми түрғыда нақты айғақтарға негізделген, шетелдік және отандық ғылымның заманауи зерттеулеріне сілтемелермен дәлелденген, нақты мәлімдемені айқындау үшін қолданылады, талдаудың және тиісінше тұжырымдар мен дәлелдемелердің қолданбалы қағидаттарының әдіснамалық негізделуіне қайши келмейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p>	Қорғауға тоғыз нәтиже ұсынылып отыр.

	<p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>1. Ғылыми нәтиже. Мәдени бірегейлік этникалық бірегейліктен кеңірек болғандықтан ол азаматтық бірегейлік, кәсіби бірегейлік, діни бірегейлік және басқа аспектілерді қамти алады және саяси жағдайды ушықтыруға жол бермейді. Сонымен бірге мәдени бірегейлік әдетте анағұрлым өзгермелі және жаһандану, көші-қон, технологиялық өзгерістер сияқты сыртқы факторлардың әсер ету объектісіне айналуы мүмкін, ал этникалық бірегейлік көбінесе тұрақты және генетикалық мұрамен және мәдени дәстурмен байланысты екендігі дәлелденді.</p>
	<p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>7.1 дәлелденді;</p>
	<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p>	<p>7.2 Жоқ</p>
	<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.3 Жаңа</p>
	<p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>7.4 Кең</p>
	<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p>	<p>7.5 Қазақстандық кинодәғи тарихи жадтың қайта жаңғыруы мәдени бірегейліктің көрініс ретінде. «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналы. Философия, саясаттану және дінтану институты. №4 (102), 2024, бб. 64-73</p>
	<p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>2. Ғылыми нәтиже. Дамыған елдерде және өтпелі қоғамда мәдени бірегейлікті қалыптастыру мен құрудың әр түрлі жолдары таңдалған. Кейбір елдерде ұлттық спорт түрлеріне, кей елдерде мәдени ойын-сауықтарға, ал</p>
	<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	
	<p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p>	

	<p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қазақстанда кино өнері мәдени бірегейлікті қалыптастырудың басым бағыт ретінде таңдалғаны ресми күжаттар негізінде анықталды.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 Жок</p> <p>7.3 Жана</p> <p>7.4 Кең</p> <p>7.5 Image of a horse as a symbol of ethnic identity (on the example of Kazakh and Tuva theatres). ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және Мәдениеттану. №2 (88) 2024, бб. 50-63.</p> <p>3. Ғылыми нәтиже. Мәдени, этникалық және ұлттық бірегейлік бейнесінің қалыптасуына кинематографияның күшті әсері бары тұжырымдалды. Кино өнері адамдарға қалай ойлау және әрекет ету керектігінің үлгісін беру, мәдени бейнелерді жасау, мәдени диалогты ілгерілету және мәдени жадты қалыптастыру арқылы мәдени бірегейлікті құруға әсер ете алады. Осылайша, кино мәдениеттің құндылық және мағыналық қатынасын тасымалдаушы рөлін атқаратындығы дәлелденді.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 Жок</p> <p>7.3 Жана</p>
--	---	--

		<p>7.4 Кең</p> <p>7.5 Отражение национальной идентичности в исторических фильмах. «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы, Философия және саясаттану институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. 6-8 сәуір 2021, 2-том, бб. 326-330</p> <p>4. Ғылыми нәтиже. Қазіргі қазақстандық кинодары көркемдік-бейнелеу құралдар негізінде қазақ мәдени-этникалық бірегейлігі бейнесінің этномәдени ерекшеліктері зерттеліп, анықталған. Символдардан, азыздардан, тарихи оқиғалармен қатар кино мәдени бейнелерді ашу үшін басқа әдістерді де пайдаланады. Кино мәдени кеңістікте ашық коммуникациялық жүйе ретінде мәдени бірегейлікті жеткізетін көпқырлы мәдени құбылыс ретінде анықталды.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 Жоқ</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Кең</p> <p>7.5 Symbolic Images Representing Cultural and Ethnic Identity of the Kazakhs in Kazakhstan Cinema. ISVS e-Journal. 2023, Vol. 10 Issue 11, p 373-389</p> <p>5. Ғылыми нәтиже. Әр түрлі елдердегі кино өнері контекстінде мәдени бірегейлікті құру мен қалыптастыру</p>
--	--	---

		<p>әдістері, оның концепцияларына салыстырмалы талдау жасалды. Осы талдаулардың негізінде қазақ киносындағы мәдени бірегейлікті жасау мен қалыптастыруғы кемшіліктері мен жетістіктері тұжырымдалды.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 Жоқ</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Кең</p> <p>7.5 Symbolic Images Representing Cultural and Ethnic Identity of the Kazakhs in Kazakhstan Cinema. ISVS e-Journal. 2023, Vol. 10 Issue 11, p 373-389</p> <p>6. Ғылыми нәтиже. Зерттеуде қазақстандық кинодағы бейнeler әволюциясы мен трансформациясына талдау жасалып, мәдени бірегейлікті қалыптастырудагы рөлі ашып көрсетілді. Басты кейіпкерді символдық субъект ретінде белгілей отырып, оның дәүір құндылықтарын жинақтап, сол арқылы заманың өзіндік белгісіне айналуы зерттелді.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 Жоқ</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Кең</p>
--	--	--

		<p>7.5 Symbolic Images Representing Cultural and Ethnic Identity of the Kazakhs in Kazakhstan Cinema. ISVS e-Journal. 2023, Vol. 10 Issue 11, p 373-389</p> <p>7. Ғылыми нәтиже. Экрандағы басты кейіпкер мәдени қаһарман болмысының ерекше нысаны болғандықтан, ол айқындаушы, маңызды құндылық манифестациясы ретінде зерттелген. Сондықтан қазақстандық кинодағы бейнелердің жасалуы және олардың эволюциясы арқылы мәдени нәтижелері түжірымдалды.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 Жоқ</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Кең</p> <p>7.5 Образ этнической идентичности в казахском кино в контексте культурных исследований. «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналы, «Философия, саясаттану және дінтану институты» ШЖҚ РМК ҚР ФЖБМ Ғылым комитеті. №4 (98) 2023, бб. 91-105.</p> <p>8. Ғылыми нәтиже. Қазақстандық кинодағы этникалық және мәдени бірегейлік бейнесін анықтау мақсатында кинофестивальдердің шетелдік кино саласының мамандары арасынан «Сендер үшін қазақ кім?» деген сауалға жауап алынды. Көпшілік шет елдіктердің көзқарасы бойынша қазақ халқын ұлттық ерекшілігі үш</p>
--	--	--

категорияға түсіндірілді: біріншісі-қонақжай халық. Екіншісі - өз жеріне деген шексіз махаббаты, үшіншісі - табиғатпен үндестік.

Заманауи қазақстандық кинода азаматтық болмыс пен тарихи жадының әр түрлі аспектілерін көрсететін үш елеулі үдерістер бар. Біріншісі - режиссер Әділхан Ержановтың фильмдері арқылы көрінетін азаматтық бірегейлік. Екіншісі - режиссер Мұрат Есжанның «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмдегі ашаршылық, ел бостандығы үшін күрес сынды тағы басқа тақырыптар, тарихи жады мен ұлттық болмысты алаш арыстарының бейнелері арқылы жасалды. Үшіншісі - қазақ киносында комедиялық форматта көнілді тапқырлар клубы стилінде фильмдер. Болашақта мемлекет тарапынан рухани болмысымызды, мәдени-ұлттық ерекшеліктерімізді дәрілтейтін фильмдерді өндіру үшін арнайы мәдени бағдарламалар жасалуы тиіс деп білеміз. Себебі, мәдениет соның ішінде кино арқылы ұлттымыз туралы шет елдіктердің таным-түсінігі қалыптасады.

7.1 дәлелденді;

7.2 Жоқ

7.3 Жаңа

7.4 Кең

7.5 Қазақстандық кинодағы тарихи жадтың қайта жаңғыруы мәдени бірегейліктің көрініс ретінде. «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық

		<p>журналы. Философия, саясаттану және дінтану институты. №4 (102), 2024, бб. 64-73</p> <p>9. Ғылыми нәтиже. Зерттеу нәтижелері қазак, қырғыз, түрік және америка, оңтүстік корея фильмдеріндегі мәдени бірегейлік бейнесін күру ерекшеліктері мен олардың Қазақстан жастарының санасы мен мінез-құлқына тигізетін әсері туралы жаңа тұжырымдар жасалды. Кино мен теледрама арқылы әртүрлі мәдениеттердің ықпалы Қазақстанның жастарының мәдени бірегейлік бейнесін байытуға, оның әртүрлі мәдени көзқарастарды қабылдау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, сауланама нәтижелеріне сүйене отырып, респонденттердің аз бөлігі кадрдағы дискурсты оқи алу қабілеті болса, ал олардың басым көпшілігі, өкінішке орай, тек визуалды түрде көріп, мән-мағынасын қабылдамайтын деңгейде екендігіне көз жеткіздік.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 Жоқ</p> <p>7.3 Жана</p> <p>7.4 Кең</p> <p>7.5 Қазақстандық кинодагы тарихи жадтың қайта жаңғыруы мәдени бірегейліктің көрініс ретінде. «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналы. Философия, саясаттану және дінтану институты. №4 (102), 2024, бб. 64-73</p>
--	--	--

8.	Дәйектілік қагидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу әдіснамасын таңдауы диссертацияның тиісті бөлімінде негізделіп, егжей-тегжейлі сипатталады. Зерттеуде мәдениеттанулық талдаудың әдіснамалық күралдары диалектикалық, философиялық, жүйелі-функционалды кешенде зерттелетін нысаның семиотикалық, әлеуметтік-антропологиялық, салыстырмалы әдістер мен тәсілдер пайдалынады. Дәйекті және жан-жақты қолданылатын әдіснама зерттеудің мақсаты мен міндеттерімен және тақырыптың түсіндірілуімен толық корреляциялауга жатады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері заманауи әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылды: кешенді, кино өнері арқылы бірегейлікті құру тұрғысынан пәнаралық әдіс, этнокодтардың семиотикалық талдауы қолданды, түрлі мемлекеттердің заманауи киноөнімдері (Корея елінің дорамалары, қыргыз киносы, америка киносының өнімдері) пайдаланылды.
		1) ия;	
		2) жоқ.	Барлық теориялық тұжырымдар, анықталған өзара байланысты тұжырымдар дәлелденіп, негізделді. Диссертация нәтижесінде алынған теориялық тұжырымдар белгілі бір дәрежеде эксперименттікке жақын болуы мүмкін, себебі этникалық және мәдени бірегейлікті қалыптастырудың рөлі аспектісінде ұлттық кино мен

	педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	фильмдердің модельдеріне салыстырмалы және кросс-мәдени талдау жүргізілді.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеуде ұсынылған тұжырымдамалар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталады. Жұмыста көрсетілген барлық дереккөздер диссертацияның негізгі концептуалды тұжырымдамалары болып табылады. Автор шетелдік және отандық ғалымдардың философиялық, теориялық, әдіснамалық әдебиеттері бойынша белсенді жұмыс жүргізген. Философиялы-теориялық классикалық әдебиеттер мәдени және әлеуметтік трансформациялар аспектісі аясында бірегейлік мәселесін түсінуде философиялы-мәдениеттанулық әдіснаманы негіздеу үшін дәлелді түрде қолданды. Автордың семиотикалық зерттеулер мен заманауи кино үдерісінің әлемдік тәжірибесіне жүгінуін оң атап өткен жөн.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмысқа қоса берілген пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 148 дереккөз көрсетілген, оның ішінде заманауи философиялық, ғылыми классика, киносыншылардың, тарихышы мен әлеуметтанушылардың, этнографтар мен мәдениеттанушы,

			<p>антропологтардың еңбектері бар. Автор әлемдік және отандық ғалымдардың іргелі еңбектеріне жүгінеді, соңғы зерттеулерге сілтеме жасайды.</p> <p>Бай фильмография пайдаланылған.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу қорытындысы бойынша алынған ғылыми нәтижелер мәдениеттану, философиялық антропология, әлеуметтік антропология, этнология, семиотикалық зерттеулер, енерттану, киноттану саласындағы теориялық-әдіснамалық әзірлемелерде пайдалануға болады. Қазақстан киносында бірегейліктің қалыптасу мәселесін түсіну уақыт талабына және қазіргі қазақ кино үдерісін басқаруға талдау жасау қажеттілігіне байланысты практикалық маңызы жоғары.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеулер барысында алынған ғылыми нәтижелерді мәдени философия, мәдениеттану, философиялық антропология, әлеуметтік антропология, этнология, семиотикалық зерттеулер саласындағы теориялық және әдіснамалық әзірлемелерде пайдалануға болады. Қолданылған тарихи-мәдени материал мен мәдени-философиялық талдау әдістері зерттеу тақырыбы мен пәніне қарасты білім беру бағдарламалары мен оку-әдістемелік кешендерін әзірлеу кезінде пайдалануы мүмкін. Жұмыстың практикалық маңыздылығы Қазақстандағы заманауи мәдени үдерістердің сұраныстарымен, мәдени және өркениеттік бірегейліктің қалыпты этникалық кодтардың қалыптасу қажеттілігімен байланысты.</p>

	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысының нәтижелерін мәдениеттану, өнертану, өнер тарихын оқытуда, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қажетті ғылыми-теориялық, тарихи түжірымдар жасауда кеңінен пайдалануға болады деген түжірымдасымен рецензент толықтай келіседі.</p> <p>Ал, диссертациялық жұмыс жалпы өнердің, соның ішінде кино өнерінің мәдени бірегейлікті қалыптастырудың ролін теориялық жағынан қазақ тәжірибесімен кеңайте отырып, посткенестік республикалардағы осы үдерісті талдауға, жаңа концепциялар жасауға негіз бола алды деген түжірымдамасымен рецензент толықтай келіспейді. Өйткені, әрбір ұлттық кинематографтың кеңестік дәүірде пайда болып, дамығанына қарамастан өзіндік тарихи, көркемдік, эстетикалық, этно-кодтық негізі бар. Соынмен қатар, диссертацияның кейбір нәтижелері кино өнеріндегі жаңа туындыларды жасауға тәжірибелік маңызы ерекше деген түжірымдамасымен рецензент толық келіседі.</p>	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазбаның сапасы – жоғары. «Қазақстандық кинодағы этникалық және мәдени бірегейлікті құрастыру: мәдениеттанулық талдау»атты диссертациялық жұмыс өз алдына толыққанды аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылады.</p> <p>Автор ғылыми категорияларға, концептерге, термин мен ұғымдарға жүгінуде академиялық мұқияттық танытты: ғылыми терминологияны тиісті деңгейде мәнгерлігені көрініп тұр, өз кезқарасын түжірымдау, дереккөздермен жұмыс істеу дағдысы мен дәлелді сілтемелермен жасау қабылеті; мәтінде өзара байланысты және логикалық</p>

			реттілік сақтау қабылеті көрінді. Диссертацияның ғылыми дискурсының деңгейі әлеуметтік-гуманитарлық эпистемологияның қазіргі парадигмасына сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>1. Диссиденттің түсіндіруге арналған сұрақ: идея бар, және ол Л.Н. Гумилевке тиесілі, этногенез мен мәдени генезис біртұтас үдеріс болып табылады. Сіз бұл ұстаныммен келісесіз бе, әлде жоққа шығарасыз ба?</p> <p>2. Зерттеудің 8 нәтижесінде шетелдік кинематографистер арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы берілген. Онда, сіз үшін казақ кім? деген сауалдың жауабы үш тармақта бөйлініп көрсетілген, олар: қонақжайлышық, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімі және табиғатпен үндестік деп көрсетілген. Бәлкім, фильмдер негізінде алынған қазақтарға тән осы үш сипаттамалар жалпыадамзаттық критериилер шығар?</p> <p>3. «Қош бол, Гүлсары!» фильміне қарасты талдауда режиссерлік шешімдерге, екі кейіпкер Танабай мен Гүлсарының символдық бейнелеріне баса назар аударылған, бұл тұста әдеби шығарманың авторы Шыңғыс Айтматов пен сол шығарманың жазылу кезеңіне де назар аударған да жөн болар еді. Өйткені повесть жылымық кезеңінде жазылды. Дәл осы кезеңде бірегейлік іздеу және ізденіс жолдары өз бастауын алды.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы		Докторант зерттеу жұмысының барысында алға қойған мақсат пен міндеттерге сәйкес зерттеу нәтижелері бойынша 7 жұмыс жарияланды, оның ішінде Scopus халықаралық рецензияланатын журналда 1 мақала, Қазақстан Республикасының Білім және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған жарияланымдарда 3 мақала, алғы және жақын шетелдерде

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 1 мақала, Қазақстан Республикасында үйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 2 мақала жарияланды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

Шешім: «Қазақстандық кинодың этникалық және мәдени бірегейлікті құрастыру: мәдениеттанулық талдау» атты диссертациялық жұмыста талап етілетін академиялық құзыярреттіліктің жеткілікті жоғары деңгейі көрсетілген, «8D03102-Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша Маткерим Dana Адильханқызына философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін беруге толық негіз береді.

Ресми рецензент:

Философия ғылымдарының докторы,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры

Күні, айы, жылы:



Наурзбаева А.Б.